

Бекітемін  
" №44 орта мектеп" КММ директоры  
С. В. Карпук  
Бұйрық № 4 «03» / 03 2015ж.

**Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды  
ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді берушіні таңдау жөніндегі  
конкурстық құжаттама**

2015 жылға қалалық бюджет қорының есебінен қаржыланатын, «№44 орта мектеп» КММ Петропавл қаласының жалпы білім беретін мектептерінде әлеуметтік қорғалмаған және тұрмысы төмен отбасылардың 5-11 сыныптардағы оқушыларын және 0-4 сыныптарда ыстық тамақты қамтамасыз ету және ұйымдастыру бойынша қызмет (конкурс атауын көрсету)

Конкурсты ұйымдастырушы-Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігі «Петропавл қаласы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі «№44 орта мектеп» коммуналды мемлекеттік мекемесі  
Мекен жайы: 150 003, СҚО Петропавл қ., Караванная к., 140  
BSN 961140001419

ЖСК KZ21 0701 03KSN481 4000

BSK MF KZ 2A

«Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігінің Қазыналық Комитеті Солтүстік Қазақстан облыстық Қазыналық Департаменті» мемлекеттік мекемесі

Телефоны: 8 (7152) 52-34-34

Email:school44-sko.kz

**1. Жалпы ережелер**

1. Орта білім беру ұйымында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – көрсетілетін қызмет) алушылардың жалпы саны 204 білім алушыны құрайды.

№1 лот-2015 жылға қалалық бюджет қоры есебінен қаржыланатын Петропавл қаласы жалпы білім беретін мектептерде 0-4 сыныптарда ыстық тамақты қамтамасыз ету және ұйымдастыру.

Бюджет қоры есебінен оқушыларға тегін тамақтануды ұйымдастыруға бөлінетін сома 1 113 840(бір миллион жүз он үш мың сегіз жүз қырық теңге 00 тиын), 159 ерекшелік,5712- порция. Қызмет көрсету мерзімі 2015 жылдың 25 мамырына дейін.

№2 лот-жылға қалалық бюджет қоры есебінен қаржыланатын Петропавл қаласы жалпы білім беретін мектептерде әлеуметтік қорғалмаған және тұрмысы төмен отбасылардың 5-11 сыныптардағы оқушыларына ыстық тамақты қамтамасыз ету және ұйымдастыру.

Бюджет қоры есебінен оқушыларға тегін тамақтануды ұйымдастыруға бөлінетін сома 372 060 (үш жүз жетпіс екі мың алпыс теңге 00 тиын), 163 ерекшелік,1908- порция. Қызмет көрсету мерзімі 2015 жылдың 31 желтоқсанына дейін.

Білім алушыларды тегін тамақтандыруды ұйымдастыруға бюджет қаражаты есебінен бөлінетін сома 195 теңгені құрайды.

Бір білім алушыны тамақтандыру құны конкурсты ұйымдастырушы белгілеген құннан аспайды.

**2. Осы конкурстық құжаттама мыналарды:**

- 1) осы Үлгілік конкурстық құжаттамаға 1-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметтерді алушылар санаттарының тізбесін;
- 2) осы Үлгілік конкурстық құжаттамаға 2-қосымшаға сәйкес техникалық тапсырманы;
- 3) осы Үлгілік конкурстық құжаттамаға 3, 4-қосымшаларға сәйкес заңды және жеке тұлғалар үшін конкурсқа қатысуға арналған өтінімді;
- 4) осы Үлгілік конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім берушінің біліктілігі туралы мәліметтерді;



3. Конкурса қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші конкурса қатысуға өтініммен қоса орта білім беру ұйымдарының білім алушыларын тегін тамақтандыруды қамтамасыз ету үшін бюджет қаражаты есебінен бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде конкурса қатысуға арналған өтінімді қамтамасыз етуді:

1) конкурсты ұйымдастырушының (тапсырыс берушінің) мынадай банк шотында

KZ07 0705 0346 4329 0001 «Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Қазыналық Комитеті Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Қазыналық Департаменті» ММ, БСН 961 140 001 419, БСҚ ККМФКЗ2А, КБЕ12.

2) осы конкурстық құжаттамаға 7-қосымшаға сәйкес банктік кепілдік нысанында енгізеді.

## 2. Әлеуетті өнім берушілерді конкурс туралы хабардар ету

4. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттама бекітілген күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде, бірақ әлеуетті өнім берушілер конкурса қатысуға өтінімдер беретін соңғы күнге дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн қалғанда Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді берушілерді таңдауқағидаларының 2-қосымшасына сәйкес **нысан бойынша интернет-ресурста school44-sko.kz конкурс туралы хабарландыруды орналастыру** арқылы әлеуетті өнім берушілерді хабардар етеді.

5. Конкурстық құжаттаманың көшірмелері интернет-ресурста school44-sko.kz орналастырылады және ол әлеуетті өнім берушілерге қағаз түрінде беріледі.

6. Конкурстық комиссияның хатшысы конкурс қатысушыларына конкурстық құжаттаманың қағаз түріндегі көшірмелерін қол қойғызып береді және деректерді конкурстық құжаттаманың көшірмесін алған тұлғаларды тіркеу журналына енгізеді.

7. Тұлғаларды тіркеу журналында конкурс атауы мен өткізу мерзімі, әлеуетті өнім берушінің не заңды тұлға өкілінің тегі, аты, әкесінің аты, жеке куәлігінің нөмірі, орналасқан жері мен байланыс телефондары, конкурстық құжаттама көшірмесін алу уақыты мен күні көрсетіледі.

8. Тұлғаларды тіркеу журналы тігіледі, беттері нөмірленеді, соңғы парағы конкурсты ұйымдастырушының мөрімен бекітіледі.

## 3. Конкурса қатысуға конкурстық өтінімді ресімдеу

9. Конкурса қатысуға өтінім:

1) осы Үлгілік конкурстық құжаттамаға 3, 4-қосымшаларға сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалған және әлеуетті өнім берушінің қолы қойылып, мөрімен куәландырылған өтінімді;

2) конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес әлеуетті өнім беруші құжаттарының тізбесін қамтиды:

заңды тұлғалар үшін құқықтық қабілеттілігін (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі немесе анықтама, заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген жарғы көшірмесі), жеке тұлғалар үшін – азаматтық қабілеттілігін (кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркелгені туралы құжат, жеке куәлігінің көшірмесі) растайтын нотариат куәландырған құжаттар;

осы Үлгілік конкурстық құжаттамаға 8-қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім берушіге қызмет көрсететін банктің немесе банк филиалының банктің (банк филиалының) бірінші басшысының немесе оның орынбасарының қолы қойылып, банк мөрі бар әлеуетті өнім берушінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердегі, кредиттік серіктестіктердегі және ипотекалық компаниялардағы бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспарына сәйкес банктің немесе банк филиалының алдындағы міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан көп созылған мерзімі өткен берешектің жоқтығы туралы анықтаманың түпнұсқасы (егер әлеуетті өнім беруші бірнеше екінші деңгейдегі банктердің немесе филиалдардың, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылса, осы анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады). Анықтама конкурстық өтінімдер бар конверттер ашылатын күннің алдындағы бір айдан кешіктірілмей алынуы тиіс;

конкурстық өтінімдер бар конверттерді ашу күнінің алдындағы бір айдан кешіктірімей алынған үш айдан астам салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары және жинақтаушы зейнетақы қорларына әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ екені туралы (төлеу мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кейінге қалдырылған жағдайларды қоспағанда) салық органы басшысының не орынбасарының қолы қойылып, мөрімен бекітілген не e-gov электрондық үкіметі порталы арқылы алынған салық органының белгіленген нысандағы анықтамасының түпнұсқасы;

бар болса ҚҚС (қосылған құн салығы) бойынша есепте тұрғаны туралы куәліктің көшірмесі;

осы Үлгілік конкурстық құжаттамаға 7-қосымшаға сәйкес конкурса қатысуға банктік кепілдік немесе кепілдік берілген ақшалай жарна түрінде өтінімді қамтамасыз етуді растайтын құжаттың түпнұсқасы;

осы Үлгілік конкурстық құжаттамаға 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметтердің сапалық және сандық сипаттамалары айқындалған техникалық тапсырма. Техникалық тапсырмада міндетті тәртіппен оқушыларды сапалы, теңгерімделген және қауіпсіз тамақтандыруды қамтамасыз ету үшін талап етілетін перспективалық мәзір көрсетіледі;



осы Үлгілік конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаға нысан бойынша қызметкерлердің біліктілігі туралы мәліметтер.

#### **4. Конкурсқа қатысуға өтінімді беру тәртібі**

10. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді конкурсқа қатысушылар конкурсты ұйымдастырушыға қолма-қол немесе почта байланысын пайдалана отырып: 150 003, ҚР, СҚО, Петропавл қ., Караванная к., 140, «№44 орта мектеп» КММ, кабинет: «№44 орта мектеп» КММ бухгалтерия, өтінімді қабылдау уақыты: 09:00-18:00 жқмыс күндері (сенбі, жексенбі-демалыс). Конкурстық құжаттаманы тіркеу мен қабылдауға жауапты: директор Сергей Васильевич Карпук. Мерзімі 11:00 сағатқа дейін «01» сәуір 2015 жыл.

11. Конкурстық комиссияның хатшысы өтінімдері бар конверттерді қабылдайды және өтінімдерді тіркеу журналына конкурсқа қатысуға өтінім берген әлеуетті өнім беруші туралы мәліметтерді енгізеді.

12. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналында өткізу мерзімі туралы, конкурсты ұйымдастырушы, әлеуетті өнім беруші жөнінде мәліметтер, атауы мен почта мекенжайы, ЖСН, жеке куәлігі, өтінімді тіркеу күні мен уақыты көрсетіледі.

Көрсетілген журналға өтінімдерді тіркеуден бас тарту себебін көрсете отырып, әлеуетті өнім берушілер туралы мәліметтер енгізіледі.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді тіркеу журналы конкурстық құжаттама көшірмелерін алған адамдарды тіркеу журналына ұқсас ресімделеді.

13. Конкурсты ұйымдастырушы бекіткен мерзім өткеннен кейін ұсынылған өтінімдер тіркелуге жатпайды және әлеуетті өнім берушілерге қайтарылады.

#### **5. Конкурс өтінімдері бар конверттерді конкурстық комиссияның ашуы**

14. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдері бар конверттерді ашуды конкурстық құжаттамада конкурсты ұйымдастырушы көрсеткен сағат 12:00, 1 сәуір 2015 жыл, мекен жайы: Петропавл қ., Караванная к., 140, директордың кабинетінде конкурстық комиссия мүшелерінің қатысуымен өткізеді.

15. Конкурстық комиссияның төрағасы қатысушыларға конкурстық комиссияның құрамы, белгіленген мерзімде конкурсқа қатысуға өтінімді ұсынған әлеуетті өнім берушілердің саны туралы хабарлайды.

16. Комиссия хатшысы конкурсқа қатысуға өтінімді ұсынған тұлғаларды тіркеу журналына енгізілген мәліметтерді жариялайды және әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдері бар конверттерін ашады.

17. Конкурсты ұйымдастырушының хабарландыруында белгіленген мерзімде ұсынылған конкурсқа қатысуға өтінімдері бар конверттер ашылуға жатады.

18. Конверттерді ашу хаттамасы Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді берушілерді таңдау қағидаларының 3-қосымшасына сәйкес ресімделеді, оған конкурстық комиссияның мүшелері әрбір парағына және соңына қолын қояды және әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері бар конверттер ашылған күннен бастап күнтізбелік үш күннен кешіктірмей интернет-ресурста school44-sko.kz. орналастырылады.

#### **6. Конкурстық өтінімдерді қарау**

19. Комиссия өтінімдер бар конверттер ашылған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде конкурсқа қатысуға рұқсат беру үшін өтінімді толықтығы және конкурстық құжаттамаға сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

20. Конкурсқа қатысуға өтінімдер ұсынған, конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілер конкурсқа жіберілмейді.

21. Конкурстық комиссия конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді айқындайды және оларды конкурсқа қатысушылар ретінде таниды.

22. Отырыс конкурсқа рұқсат беру туралы хаттамамен ресімделеді, оның әрбір парағына және соңына конкурстық комиссияның барлық мүшелері қолын қояды.

23. Комиссия Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді берушілерді таңдау қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес өзінің шешімін конкурсқа рұқсат беру хаттамасымен ресімдейді.

Қол қойылған конкурсқа рұқсат беру хаттамасы комиссия отырысы өткен күннен бастап күнтізбелік екі күннен кешіктірмей интернет-ресурста school44-sko.kz. орналастырылады.

24. Конкурсты ұйымдастырушы неғұрлым сапалы көрсетілетін қызметті ұсынатын конкурс жеңімпазын айқындау үшін өнім берушіні таңдау критерийлерін көздейді.

25. Комиссия конкурсқа қатысуға рұқсат беру хаттамасы жарияланған сәттен бастап күнтізбелік екі күн ішінде осы Үлгілік конкурстық құжаттамаға 6-қосымшаға сай өлшемдерге сәйкес жеңімпазды айқындау үшін рұқсат берілген әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерін бағалайды және салыстырып тексереді.

26. Конкурстық комиссияның өтінімді конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестендіруге байланысты әрекетіне жол берілмейді.



Өтінімді сәйкестендіру деп конкурстық комиссияның өтінімді жетіспейтін құжаттармен толықтыруға, құжаттарды алмастыруға, тиісінше ресімделмеген құжаттарды дұрыстауға бағытталған әрекеті түсініледі.

27. Егер неғұрлым үздік сипаттамалары бар көрсетілетін қызмет ұсынылған жағдайда, әлеуетті өнім берушінің техникалық тапсырмасының конкурстық құжаттамада көрсетілген техникалық тапсырмаға сәйкес болмауына жол беріледі.

28. Барынша көп балл жинаған және басқа әлеуетті жеткізушілермен салыстырғанда міндеттемелерді ең үздік орындау шарттарын ұсынған әлеуетті өнім беруші конкурс жеңімпазы болып танылады.

Егер конкурста конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес өтінімді ұсынған және Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді берушілерді таңдау қағидаларының талаптарына сәйкес келетін бір әлеуетті өнім беруші қатысқан жағдайда, ол конкурс жеңімпазы болып танылады.

29. Конкурстық комиссияның төрағасы, ол болмаған жағдайда төраға орынбасары конкурстық комиссияның отырысына қатысып отырған тұлғаларға конкурс нәтижелері мен жеңімпазын жариялайды.

30. Конкурс қорытындылары туралы хаттама Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді берушілерді таңдау қағидаларының 5-қосымшасына сәйкес ресімделеді, оған комиссияның мүшелері әрбір парағына және соңына қолын қояды.

31. Конкурс қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде конкурсты ұйымдастырушы конкурс қорытындылары туралы хаттаманы интернет-ресурста school44-sko.kz. орналастырады.

32. Әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ол конкурс жеңімпазы ретінде айқындалған жағдайда шарт жасасудың және шартты орындаудың қамтамасыз етуін енгізудің кепілі ретінде енгізеді.

33. Әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді конкурсқа бөлінген соманың бір пайызы көлемінде енгізеді.

34. Әлеуетті өнім беруші осы Үлгілік конкурстық құжаттамаға 7-қосымшаға сәйкес банктік кепілдік немесе кепілдік берілген ақша жарнасы түрінде конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізеді, ол конкурсты ұйымдастырушының банк шотына енгізеді.

35. Өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі – конкурс өтінімінің қолданылу мерзімінен кем емес.

36. Қамтамасыз етуі жоқ конкурсқа қатысуға өтінімдерді конкурстық комиссия кері қайтарады.

37. Әлеуетті өнім берушінің тұтастай алғанда, үшінші тұлғаларда неконкурсқа қатысуға өтінім мерзімінің аяқталуына дейін енгізілген кепілдік берілген ақша жарнасы бөлігінде талап ету құқығының туындауына әкелетін іс-қимылдарына жол берілмейді.

38. Конкурсты ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мынадай:

1) жеңімпаз деп айқындалған әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарған;

2) конкурстың жеңімпазы шарт жасасып, конкурстық құжаттамада белгіленген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімдері туралы талаптарды орындамаған не уақтылы орындамаған жағдайларда қайтармайды.

39. Конкурсты ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушіге өзі енгізген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі басталған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде қайтарып береді:

1) конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттамаға қол қойылуы. Көрсетілген жағдай конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілерге қолданылмайды;

2) конкурс қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылуы. Көрсетілген жағдай конкурс жеңімпазы болып айқындалған конкурсқа қатысушыға қолданылмайды;

3) шарттың күшіне енуі және конкурс жеңімпазының шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі.

2015 жылға қалалық бюджет қорының есебінен  
қаржыланатын, «№44 орта мектеп» КММ Петропавл  
қаласының жалпы білім беретін мектептерінде  
әлеуметтік қорғалмаған және тұрмысы төмен  
отбасылардың 5-11 сыныптардағы оқушыларын және 0-4  
сыныптарда ыстық тамақты қамтамасыз ету және  
ұйымдастыру бойынша конкурстық құжаттамаға  
1-қосымша

**Көрсетілетін қызметті алушылар санатының  
тізбесі**



2015 жылға қалалық бюджет қорының есебінен қаржыланатын, «№44 орта мектеп» КММ Петропавл қаласының жалпы білім беретін мектептерінде әлеуметтік қорғалмаған және тұрмысы төмен отбасылардың 5-11 сыныптардағы оқушыларын және 0-4 сыныптарда ыстық тамақты қамтамасыз ету және ұйымдастыру бойынша конкурс

№	Конкурсты ұйымдастырушының атауы	Білім беру ұйымын дағы көрсетілетін қызметті алушылардың жалпы саны	Оның ішінде бюджет қаражаты есебінен тегін тамақтандыру мен қамтамасыз етілетін білім алушылар	Қызметті көрсету мерзімдері	Қызметті көрсету орны	Білім алушыларды тегін тамақтандыруды қамтамасыз етуге бюджет қаражаты есебінен бөлінген сома
1	2	3	4	5	6	7
	«№44 орта мектеп» КММ	204	204	Шарт жасасқан күннен бастап-25.05.15 ж. дейін	СҚО, Петропавл қ., Караванная к., 140	1 113 840-00
2	«№44 орта мектеп» КММ	18	18	Шарт жасасқан күннен бастап-31.12.15 ж. дейін	СҚО, Петропавл қ., Караванная к., 140	372 060-00

Күні

Басшының қолы \_\_\_\_\_ М.О.  
(Т.А.Ә., лауазымын көрсету)

2015 жылға қалалық бюджет қорының есебінен қаржыланатын, «№44 орта мектеп» КММ Петропавл қаласының жалпы білім беретін мектептерінде әлеуметтік қорғалмаған және тұрмысы төмен отбасылардың 5-11 сыныптардағы оқушыларын және 0-4 сыныптарда ыстық тамақты қамтамасыз ету және ұйымдастыру бойынша конкурстық құжаттамаға 2-қосымша

2015 жылға қалалық бюджет қорының есебінен қаржыланатын, «№44 орта мектеп» КММ Петропавл қаласының жалпы білім беретін мектептерінде әлеуметтік қорғалмаған және тұрмысы төмен отбасылардың 5-11 сыныптардағы оқушыларын және 0-4 сыныптарда ыстық тамақты қамтамасыз ету және ұйымдастыру бойынша конкурстық құжаттаманың техникалық тапсырмасы

2015 жылға қалалық бюджет қорының есебінен қаржыланатын, Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігі «Петропавл қаласы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі «№44 орта мектеп» КММ Петропавл қаласының жалпы білім беретін мектептерінде әлеуметтік қорғалмаған және тұрмысы төмен отбасылардың 5-11 сыныптардағы оқушыларын және 0-4 сыныптарда ыстық тамақты қамтамасыз ету және ұйымдастыру қызметі 30.12.2011 жылы ҚР Үкіметі бекіткен №1665 жарғы «Қоғамдық тамақтану объектісіне санитарлық-эпидемиологиялық талаптар», сондай-ақ 30.12.2011 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен №1684 жарғы «Жасөспірімдер мен балар білі және тәрбиесі объектісіне санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережелеріне қатаң сәйкес жүзеге асырылуы керек.

Нағыз санитарлық ережелер мектеп аясында тамақтану қызметін көрсетумен айналысатын жеке және заңды тұлғаларға арналған.

Ыстық тамақты ұйымдастыру бойынша сапалы қызмет көрсету мақсатында әлеуметті жабдықтаушы келесі талаптарды қамтамасыз етуі керек және құжаттарды бекітуі керек:



Шикізатты, көмекші материалдарды, дайын өнімнің және судың рационды, химикалық, микробиологиялық, токсикологиялық қауіпсіздік көрсеткіштері, ішек таяқшалары тобы микрофлора-бактериялары санитарлық көрсеткіштерінің барын микробиологиялық су шайып кетуді зерттеу, түскі тамақтардың калорияларын зерттеу, дез. ерітінділерді зертханалық зерттеуге санитарлық-эпидемиологиялық сараптау қызметі шартын беру.

- күнсайын қажетті құжаттарды жүргізу (бракеражды журналдар, қызметкерлерді іріңді және тыныс органдарының өткір ауруларына тексеру журналы және басқа да құжаттар);
- қызметкерлерді арнайы киіммен және бас киіммен қамтамасыз ету үш комплектіден кем емес;
- дезинфекции, дезинсекции және дератизации бойынша жұмысты орындау туралы актімен іс-шаралар өткізу;
- бірінші медициналық көмек көрсетуге дәрі қобдишасы және оны уақытында толықтырып отыру керек;
- қызмет көрсету кезінде қолданылатын негізгі өнімдердің сапа сертификаты (декларация) болу;
- дайын тағамды тарату тек оны жеп көргеннен кейін ғана болады. Оны диеталық әпке (тағам дайындалып жатқан ыдыстан алынады) бағалайды. Порциялық тағамның салмағы тағамның шығуына сәйкес келуі керек, оғмәзірдекөрсетілген және гигиеналық нормативтерге сәйкес келуі керек. Дайындалған тағамдардың технологиясы бұзылса, сондай-ақ дайын болмаса тағам берілмейді.
- жұмысқа кәсіптік біліктілігі бар аспаздар алынады;
- әр қызметкердің медициналық тексерістен өту қорытындысы мен жұмыс істеуге рұқсаты, медициналық кітапшасының болуы;
- азық-түлікті және өндірістік шикізатты жеткізетін арнайы көліктің болуы. Көлікке тұтынушылар құқығын қорғайтын басқарма органдары берген қорытынды болуы керек. Жүргізушінің жеке медициналық кітапшасы болуы керек;
- мектеп оқушыларының тағамында қолдануға болмайтын, сондай-ақ газдалған және алкогольсіз энергетикалық сусындарды, чипсыларды, генномодифициялық ингредиенті бар өнімді, сағызды әкелмеуге міндеттенеді;
- өнімді жеткізетін арнайы көліктің болуы
- сынған, эмалы зақымданған ыдыс-аяқты қолданбайды;
- өндірістік инвентарьдың, ыдыс-аяқтың, жуатын және дезинфекциялайтын құралдар (ҚР қолдануға рұқсат етілген) мен басқа да материалды-техникалық жабдықтың болуы:

Асхана ыдыс-аяғы және құралы, бір орынға үш комплект саны - 300 комплектен кем емес  
Тұрмыстық екі камералы тоңазытқыш - 1 дана

мұздатқыш камера – 1 дана

тәуліктік сынама үшін тоңазытқыш – 1 дана

шикі өнім үшін ет тартқыш -1 дана

көкөніс кескіш – 1 дана

қысқа толқынды пеш – 1 дана

кассалық аппараттар

өрт сөндіру құралы

- мәзірге сәйкес барлық тағамдардың технологиялық карталарын жасау мен беру (бала тағамына қосылатын өнімдер есебімен);

- мектеп басшысының бекітуіне тамақтану кестесі мен тәртібін жасау;

- көрсетілетін қызметтің техникалық, сапалы және функционалдық мінездемесі;

- мектептің ас әзірлейтін бөлігінде жыл сайын және қажет болған кезде жөндеу жұмыстарын жүргізуге міндеттенеді.

Тамақ дайындау үрдісіне қатысатын механизмдердің жиынтығын көрсететін өндірістік жұмысқа қажетті технологиялық жабдық, машина, құрылғылар, құралдар дұрыс болуы керек.

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігі «Петропавл қаласы білім бөлімі»

мемлекеттік мекемесі «№44 орта мектеп» КММ Петропавл қаласының жалпы білім беретін

мектептерінде әлеуметтік қорғалмаған және тұрмысы төмен отбасылардың 5-11 сыныптардағы

оқушыларын және 0-4 сыныптарда ыстық тамақты қамтамасыз ету және ұйымдастыру нағыз

конкурстық құжатына енген:



Бекітілген мезгілдік мәзірге (жаз-күз, қыс-көктем) сәйкес ыстық тамақты дайындау бойынша қызмет көрсету, сонымен бірге жабдықтаушы тапсырыс берушімен келісіп апта күндері бойынша тағамды өзгертуге құқылы.

Көрсетілетін қызмет көлемі талап ететін күнделікті тапсырысты тапсырыс берушіден алу;  
Тапсырыс берушінің асханасында тағамды дайындау және тамақпен қамтамасыз етуді ұйымдастыру;  
Тапсырыс берушімен келіскен уақытта әлеуметтік қорғалмаған және тұрмысы төмен отбасылардың 5-11 сыныптардағы оқушыларын және 0-4 сыныптар оқушыларына ыстық тамақты порциямен тарату бойынша қызмет;

Оқушылардың денсаулығы үшін қауіпсіз және сапаны кепілдік ететін, барлық деңгейде тағам мен өнімді жүзеге асыруда санитарлық нормалар мен ережелерді сақтауға қажетті жағдай жасау.  
Гигиеналық нормаларға порциялық тағамдардың салмағының сәйкес болуы. Тағамды дайындау технологиясының бұзылуы кезінде, сондай-ақ тағамның беруге дайын болмаған кезінде, жетіспеушіліктерді анықтап дұрыстағанға дейін тағам берілмейді.

Әкелінетін өнімнің енуін бақылауын жүзеге асыру, және олардың нормативті және техникалық құжат талаптарына сәйкес болуын бақылау, олардың сапасы мен қауіпсіздігін дәлелдейтін ілеспе құжаттардың болуы (сертификаттар, сапа куәлігі) және дұрыс, таза ыдыста тасымалдауды бақылау.  
Қызмет көрсету орны: «№ 44 орта мектеп» КММ.

Қызмет көрсету мерзімі:

- 0-4 сыныптар шарт жасасқан күннен бастап 2015 жылдың 25 мамырына дейін

- 5-11 сыныптар әлеуметтік қорғалмаған және тұрмысы төмен отбасылардың балалары шарт жасасқан күннен бастап 2015 жылдың 31 желтоқсанына дейін.

Күні

Басшының қолы \_\_\_\_\_

М.П.

(Аты-жөнін, лауазымын көрсету)

2015 жылға қалалық бюджет қорының есебінен қаржыланатын, «№44 орта мектеп» КММ Петропавл қаласының жалпы білім беретін мектептерінде әлеуметтік қорғалмаған және тұрмысы төмен отбасылардың 5-11 сыныптардағы оқушыларын және 0-4 сыныптарда ыстық тамақты қамтамасыз ету және ұйымдастыру бойынша конкурстық құжаттамаға  
3-қосымша

### Конкурсқа қатысуға өтінім (занды тұлғалар үшін)

Кімге \_\_\_\_\_

(конкурсты ұйымдастырушының атауы)

Кімнен \_\_\_\_\_

(әлеуетті өнім берушінің толық атауы)

1. Конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті өнім беруші туралы мәліметтер:

Әлеуетті өнім берушінің заңды, почта мекенжайы және байланыс телефондары	
Заңды тұлғаның банктік деректемелері (БСН, БСК), сондай-ақ заңды тұлғаға қызмет көрсететін банктің немесе оның филиалының толық атауы мен мекенжайы	
Заңды тұлғаның бірінші басшысының Т.А.Ә.	

2. \_\_\_\_\_

(заңды тұлғаның толық атауы)

осы өтініммен \_\_\_\_\_

(конкурстың толық атауы)

конкурсқа әлеуетті өнім беруші ретінде қатысуға ниет білдіреді және конкурстық құжаттамада көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес \_\_\_\_\_

(қажетін көрсету керек)

қызмет көрсетуді жүзеге асыруға келісім береді.

3. \_\_\_\_\_

(заңды тұлғаның толық атауы)



осы өтініммен заңнамада көзделген бұзушылықтардың жоқтығын растайды.

4. \_\_\_\_\_  
(заңды тұлғаның толық атауы)

конкурстық құжаттамамен танысқанын және конкурсты ұйымдастырушыға және конкурстық комиссияға өзінің құқықтық қабілеті, біліктілігі, сапалық және \_\_\_\_\_ көрсетілетін қызметтердің

(қажетін көрсету керек)

өзге де сипаттамалары туралы дұрыс емес мәліметтерді бергені үшін жауапкершілігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулерді сақтауы туралы хабардар етілгендігін растайды.

\_\_\_\_\_ (заңды тұлғаның толық атауы)

осы конкурсқа қатысуға өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарда мұндай дұрыс емес мәліметтерді бергені үшін өзіне толық жауапкершілікті қабылдайды.

5. Осы конкурстық өтінім 45 күн ішінде қолданылады.

6. \_\_\_\_\_  
(заңды тұлғаның толық атауы)

жеңімпаз деп танылған жағдайда, біз шарттың орындалуын қамтамасыз етуді шарттың жалпы сомасының үш пайызын құрайтын сомада енгізуге міндеттенеміз.

7. Конкурсқа қатысуға өтінім біздің арамыздағы міндетті шарттың рөлін атқарады.

Күні

Басшының қолы \_\_\_\_\_ М.О.  
(Т.А.Ә., лауазымын көрсету)

2015 жылға қалалық бюджет қорының есебінен қаржыланатын, «№44 орта мектеп» КММ Петропавл қаласының жалпы білім беретін мектептерінде әлеуметтік қорғалмаған және тұрмысы төмен отбасылардың 5-11 сыныптардағы оқушыларын және 0-4 сыныптарда ыстық тамақты қамтамасыз ету және ұйымдастыру бойынша конкурстық құжаттамаға 4-қосымша

**Конкурсқа қатысуға өтінім**  
(жеке тұлға үшін)

Кімге \_\_\_\_\_  
(конкурсты ұйымдастырушының атауы)

Кімнен \_\_\_\_\_  
(әлеуетті өнім берушінің толық атауы)

1. Конкурсқа қатысуға үміткер жеке тұлға (әлеуетті өнім беруші) туралы мәліметтер:

Жеке тұлғаның – әлеуетті өнім берушінің жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес Т.А.Ә.	
Жеке тұлғаның – әлеуетті өнім берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың деректері (№, кім берген)	
Жеке тұлғаның – әлеуетті өнім берушінің тіркелген мекенжайы	
Жеке тұлғаның – әлеуетті өнім берушінің нақты тұрғылықты мекенжайы	
Тіркеу туралы куәліктің, патенттің не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес конкурс мәніне сәйкес келетін кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқық беретін өзге де құжаттың нөмірі	
Жеке тұлғаның – әлеуетті өнім берушінің банктік деректемелері (СТН, БСН, ЖСК), сондай-ақ жеке тұлғаға	



қызмет көрсететін банктің немесе оның филиалының толық атауы мен мекенжайы	
Жеке тұлғаның – әлеуетті өнім берушінің байланыс телефондары, почта мекенжайы мен электрондық почта мекенжайы (болған жағдайда)	

2. \_\_\_\_\_  
(жеке тұлғаның Т.А.Ә. көрсетіледі)

осы өтініммен конкурсқа (конкурстың толық атауын көрсету) әлеуетті өнім беруші ретінде қатысуға ниет білдіреді және конкурстық құжаттамада көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес қызметтер көрсетуді (қажеттісін көрсету керек) жүзеге асыруға келісім білдіреді.

3. \_\_\_\_\_  
(әлеуетті өнім берушінің атауы)

осы өтініммен заңнамада көзделген бұзушылықтардың жоқтығын растайды.

4. \_\_\_\_\_  
(әлеуетті өнім берушінің атауы)

конкурстық құжаттамамен танысқанын және конкурсты ұйымдастырушыға өзінің құқығы, біліктілігі, сапалық және өзге де сипаттамалары туралы (қажеттісін көрсету) дұрыс емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулерді сақтауы туралы хабардар етілгендігін растайды.

\_\_\_\_\_ (әлеуетті өнім берушінің атауы)

осы конкурсқа қатысуға өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарды мұндай дұрыс емес мәліметтер бергені үшін өзіне толық жауапкершілікті қабылдайды.

5. Осы конкурстық өтінім 45 күн ішінде қолданылады.

6. \_\_\_\_\_  
(әлеуетті өнім берушінің атауы)

конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, біз шарттың атқарылуын қамтамасыз етуді шарттың жалпы сомасының үш пайызын құрайтын сомада енгізуді міндеттенеміз (егер де конкурстық құжаттамада шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу көзделген болса көрсетіледі).

7. Конкурсқа қатысуға өтінім біздің арамыздағы міндетті шарттың рөлін атқарады.

Күні

Басшының қолы \_\_\_\_\_ М.О.  
(Т.А.Ә., лауазымын көрсету)

2015 жылға қалалық бюджет қорының есебінен қаржыланатын, «№44 орта мектеп» КММ Петропавл қаласының жалпы білім беретін мектептерінде әлеуметтік қорғалмаған және тұрмысы төмен отбасылардың 5-11 сыныптардағы оқушыларын және 0-4 сыныптарда ыстық тамақты қамтамасыз ету және ұйымдастыру бойынша конкурстық құжаттамаға  
5-қосымша

### Қызметкерлердің біліктілігі туралы мәліметтер

(әлеуетті өнім беруші толтырады)

1. Әлеуетті өнім берушінің атауы \_\_\_\_\_

2. Орта білім беру  
ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметті көрсету үшін

\_\_\_\_\_ (әлеуетті өнім берушінің атауын көрсету)  
әлеуетті өнім берушіде қажетті штат қызметкерлері бар.

Қызметкерлердің жалпы саны \_\_\_\_\_ құрайды, оның ішінде растайтын құжаттарының көшірмелері қоса берілген \_\_\_\_\_ аспазшы, \_\_\_\_\_ технолог, \_\_\_\_\_ диетолог құрайды:

Қызметкердің Т.А.Ә.	Білімі және мамандығы	Мамандығы бойынша еңбекетілі	Біліктілікті арттыру курстары туралы мәліметтер	Жұмыс істеуге рұқсат берілгендігі
---------------------	-----------------------	------------------------------	-------------------------------------------------	-----------------------------------



				туралы мәліметтер (рұқсат беру туралы белгісі бар медицинал ық кітапшалар дың көшірмелер і)
Барлығы				

3. Растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, \_\_\_\_\_  
соңғы бес жыл ішінде конкурста сатып  
(әлеуетті өнім берушінің атауын көрсету)  
алынатын көрсетілетін қызметтерге ұқсас көрсеткен қызметтердің көлемі.

Көрсетілген қызметтердің атауы	Тапсырыс берушілердің атауы	Қызметтерді көрсету орны және жылы

4. \_\_\_\_\_  
(әлеуетті өнім берушінің атауы)

рұқсат беру туралы белгісі бар жұмысқа жіберілген автокөлік пен жүргізушіге растайтын құжаттардың көшірмелері қоса берілген, қызмет көрсетуі үшін мамандандырылған автокөлігі (бар болса) бар:

Көлік түрі	Көлік маркасы	Жеке меншік, жалға алынған (кімнен)	Жүргізушіге рұқсат беру туралы мәліметтер (рұқсат беру белгісі бар медициналық кітапшалардың көшірмелері)	Рұқсат беру белгісі көрсетілген көліктің санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы

5. Қаржы ресурстарына (ақша қаражаты: меншікті, кредиттік және т.б.) қол жеткізу туралы мәліметтер.  
Төменде санамалау.

6. Әлеуетті өнім беруші қызмет көрсету үшін ресурстардың бар екені туралы қосымша мәліметтерді көрсетеді.

Біліктілігі туралы барлық мәліметтердің дұрыстығын растаймын.

Күні  
Басшының қолы \_\_\_\_\_ М.О.  
(Т.А.Ә., лауазымын көрсету)

2015 жылға қалалық бюджет қорының есебінен қаржыланатын, «№44 орта мектеп» КММ Петропавл қаласының жалпы білім беретін мектептерінде әлеуметтік қорғалмаған және тұрмысы төмен отбасылардың 5-11 сыныптардағы оқушыларын және 0-4 сыныптарда ыстық тамақты қамтамасыз ету және ұйымдастыру бойынша конкурстық құжаттамаға 6-қосымша

Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді берушілерді таңдау критерийлері

№	Критерийлер	Балдар
1	Конкурстың нысана саны болып табылатын қызмет көрсету нарығындағы тәжірибесі	Әр жылға 1 балдан, бірақ 5 балдан аспайды



2	Экологиялықменеджмент жүйесін қанағаттандыратын тамақтандыру ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметке қолданылатын сәйкестік сертификатының бар-жоғы	Жоқ (0 балл)	Бар (2 балл)	
3	Тамақтандыру ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметке қолданылатын менеджмент сапасы жүйесі сертификатының бар-жоғы	Жоқ (0 балл)	Бар (3 балл)	
4	Аспазшылардың біліктілігі (10 балдан аспайды)	Арнайы орта білім 3-разряд (1 балл)	Арнайы орта білім 4-разряд (2 балл)	5-разряд және (немесе) жоғарғы білім (3 балл)
5	Технологтың, диетологтың болуы (4 балдан аспайды)	Жоқ (0 балл)	Бір маман ғана бар (1 балл)	Бар (2 балл)
6	Шығарылатын өнімнің ассортименттік тізбесінің бар-жоғы	10-нан кем ас атауы (1 балл)	10-нан 30-ға дейін ас атауы (2 балл)	30-дан 50-ге дейін ас атауы (3 балл)
7	Азық-түлікті санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы бар арнайы көлікпен жеткізу шарттары	Көлік жоқ (0 балл)	Жалдамалы көлік (3 балл)	Жеке көлігінің болуы (5 балл)

Ескертпе: 4, 5-тармақтарда балдар әр маман үшін қойылады.

2015 жылға қалалық бюджет қорының есебінен қаржыланатын, «№44 орта мектеп» КММ Петропавл қаласының жалпы білім беретін мектептерінде әлеуметтік қорғалмаған және тұрмысы төмен отбасылардың 5-11 сыныптардағы оқушыларын және 0-4 сыныптарда ыстық тамақты қамтамасыз ету және ұйымдастыру бойынша конкурстық құжаттамаға  
7-қосымша

### Банктік кепілдік

(банктің атауы мен деректемелері)

Кімге: \_\_\_\_\_

(конкурсты ұйымдастырушының атауы мен деректемелері)

№ \_\_\_\_\_ кепілдік міндеттеме

\_\_\_\_\_ ж. « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

(орналасқан жері)

Біз бұдан әрі «өнім беруші» деп аталатын \_\_\_\_\_,

(әлеуетті өнім берушінің атауы)

\_\_\_\_\_ ұйымдастырған

(конкурсты ұйымдастырушының атауы)

Білім беру ұйымдарының білім алушыларын тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметті берушіні таңдау конкурсына қатысатындығынан және

(көрсетілетін қызметтердің атауы)

қызмет көрсетуге әзір екендігінен хабардармыз.

\_\_\_\_\_ ж. « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ жоғарыда аталған конкурсты өткізу жөніндегі конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілердің банктік кепілдік түрінде конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізуі көзделген.



Осыған байланысты біз \_\_\_\_\_ осы арқылы өзімізге  
(банктің атауы)

Сіздің талап етуіңіз бойынша Сіздің ақы төлеуге жазбаша талабыңызды, сондай-ақ өнім беруші:  
конкурсқа қатысуға өтінім берудің соңғы мерзімі өткеннен кейін конкурсқа қатысуға  
өтінімді кері қайтарып алғанын;

конкурс жеңімпазы деп танылған өнім берушінің қызмет көрсету туралы шарт жасасудан  
жалтарғанын;

қызмет көрсету туралы шарт жасасып, конкурстық құжаттамада белгіленген шартты  
орындауға қамтамасыз етуді енгізу және (немесе) енгізу мерзімі туралы талаптарды  
орындамағанын не уақтылы орындамағанын жазбаша растауды алысымен  
\_\_\_\_\_ тен

(сомасы цифрлармен және жазбаша)

соманы Сізге төлеуге қайтарылмайтын міндеттеме аламыз.

Осы кепілдік міндеттеме конкурстық өтінімдер бар конверттерді ашқан күннен бастап  
күшіне енеді және өнім берушінің конкурсқа қатысуға конкурстық өтінімі қолданылатын соңғы  
